


САМАРЫ

КОКУЕ КОЛГУИ

Жанболат Гапар



Жанболат Башар

Көкше көлдің самалы

(өлеңдер мен балладалар)

АЛМАТЫ
"ЖІБЕК ЖОЛЫ"
2004

ББК 84 Қаз 7-5
Б 30

Башар Ж.
Б 30 **Көкше көлдің самалы. Өлеңдер мен балладалар.** Алматы,
«Жібек жолы» баспа үйі, 2004. — 122 бет.

ISBN 9965-637-76-8

Жанболат Башардың бұл жинағына оның соңғы жылдары
жазған лирикалық өлеңдері мен балладалары оңіп отыр.

Б $\frac{4702250202}{430 (05) - 04}$ хабарланбаған — 2004 ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-637-76-8

© Башар Ж., 2004
© «Жібек жолы» баспа үйі, 2004

Ізденгіш ақын

Жанболатты 90-шы жылдардың басында Балқаш қаласына іс-сапармен барғанда таныстым. Ол кезде мен Арал мен Балқашты қорғау қоғамдық комитетінің мүшесі едім. Көлдің деңгейінің төмендеп, фаунасы мен балығының не себепті азайып бара жатқанына байланысты материалдар жинап алуға келген болатынмын.

Бір күні орта бойлы, талдырмаш келген биязы жігіт арнайы қонақ үйге іздеп келіп, өзінің қалалық теледидар қызметкері екенін айтып, сөйлеп беруімді отінді. Мен келісе кеттім.

Балқашты бала күнімнен жақсы біліп, суына шомылып, кемесінде жүзіп, балығын аулап өскендіктен де жаныма жақынтын. Осыдан 40-жыл бұрын жазылған алғашқы өлеңдерім Балқашқа арналған болатын. Сондықтан Жанболаттың қойған сұрақтарына қысылып-қымтырылмай жауапты еркін бердім.

Бір сағат көлеміндегі телехабар елді жалықтырмапты. Кейін редакцияға келген хаттарды Жанболат кетер кезде маған табыс етті. Елдің өтініш-тілектерін ескере отырып «Бағың қайда, балығың қайда, Балқашым» деген көл экологиясына байланысты проблемалық келемді мақала жазуыма септігін тигізді.

Кетер кезде:

— Жеке, мен де өлең жазамын. Танысып көріңіз, — деп тор қоз дәптерге жазылған өлеңдерін маған ұсынды.

Алматыға келген соң бір топ өлеңдері Қазақ радиосы арқылы әуе толқынына шығып, «Лениншіл жас» газеті беттерінде басылды.

Содан былай қарай ақын інімнің өлең өлкесіндегі аяқ алысын ылғи бағдарлап отырамын.

1992 жылы менің 50 жасқа толған торқалы тойымды сол кездегі Тоқырауын ауданы мен Балқаш қаласы атап

өткенде, Балқаш қалалық Қазақ тілі қоғамының төрағасы Жанболат осы шаруаның басы-қасында болып, ұйымдастырған адамның бірі еді. Тойдың құрметті қонағы Ғафу Қайырбеков бір отырыста:

— Жанболат, сен де ақын екенсің, бір өлеңінді оқып жіберші, — деген өтінішіне орай, Туған жерге байланысты жырын қойын дәптерінен оқып берді.

— Рас ақын екенсің. Осы шабысыңнан танба, бүркыратып жаза бер, — деп батасын бергені әлі есімде.

Одан беріде де оншақты жыл өтіпті. Жанболат өз талантының арқасында өлеңнің қалың орманына именбей кіріп, ақындар сапына қосылды. Екі жинақ шығарды. Оның бірі — «Үкілі үміт» аталатын жыр жинағы.

Онда ақын албырт балалықты, туған жер әсем көрінісін, кіршіксіз махаббатты шынайы сезіммен жырлайды.

Ал екіншісі — «Далам менің-киелім менің» әңгімелер жинағының да өз көтерер жүгі, айтар ойы бар. Мұнда көп жыл «Бал-қаш өңірі» газетінің редакторы қызыметін атқара жүріп, журналист Жанболат ел аралағанда көргенін, жиған-тергенін, ойға түйгенін көркем тілмен өре білетін қарымды қаламгер екенін танытқан.

Қалың оқырманға ұсынылып отырған «Көкше келдің самалы» аталатын жыр жинағындағы жырлары адал достық, мөлдір махаббат, адамгершілікті толғайды. Асыл атамекеннің сұлу келбетін көңіл сарайына ұялатып, ойға батырады. Киял жетегіне алып кетеді.

Жанболат Башардың жаңа кітабы да жыр сүйер қауым жүрегіне жол табатынына сенімдімін.

Жеңіс Қашқынов,
ақын, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

I-БӨЛІМ

СӘМБІ ТАЛДАР СӘУКЕЛЕЛІ...



* * *

Жүрегімде бір от бар өлең деген,
Соны қаузап көңілім кемелденген.
Мұң шағамын, сыр шертіп соған ғана,
Жарасын да жанымның сол емдеген.
Сұлу сөзді ойнатып қамшы өремін,
Ақ қағазға мөлдіреп тамшы өлеңім.
Зеңгір аспан, заңғар шың, туған дала,
Сырынды жырға төгіп көмкеремін.

АСАУ БАЛҚАШЫМ-АЙ

Асау Балқашым-ай,
Толқыны сағым қуған.
Жартастарым-ай,
Айдыңға бетін жуған.

Сұғынып көл төсіне,
Бертісің түнереді.
Жоғалған жолбарыстар
Түсіне кіре ме енді?

Қондырып күнді ұяға,
Жұлдыздар жымындасқан.
Жағада қамыс, қоға,
Толқынмен сыбырласқан.

Долданып қара мұржа,
Түтіннен бұлт өреді.
У жұтып дала мырза,
Түншығып күн көреді.

Қайырсыз анау аспан,
Күтпе одан жақсылықты.
Сайқалдай ернін төсқан,
Көрсетер жат қылықты.

БЕКТАУАТА

Бақытжан Мұсаханұлына

Жапанда жалғыз тау шынар,
Далама болған бой тұмар.
Тұратын мәңгі қасқайып,
Киелі биік сол шығар.

Көлге де төніп сұқтана,
Қарайды көкке шаншылып.
Тәккәппар шыңнан ықты ма,
Тобелер кеткен жаншылып.

Қыздырып күнге жөтасын,
Қақтайды төсін жап-жалтыр.
Баурайы балқып жататын,
Билеген қайың ақ балтыр.

Балағы бұйра көк тоғай,
Биігі тұттай жалаңаш.
Шағылып шыңға күн мен ай,
Ұялтар көзді ала қаш.

Көзге ұрып күндік шалғайдан,
Көгілдір нілге оранар.
Тау менен дала жалғайды ән,
Ғашықтық өнге барабар.

Сағымға сіңіп жоғалған,
Мұнар ма дедім кейде оны.
Төсінен жердің нәр алған,
Шынар ма дедім кейде оны.

Сан рет келдім саяңа,
Биіктік жайлы білсем деп.
Биігің болса аяла,
Биіктің парқын білсін деп.

ТАСЫП ЖАТЫР ТОҚЫРАУЫН

Қағып толқын қоңырауын,
Тасып жатыр Тоқырауын.
Ақ толқындар жағаласып,
Ай сәулесін ала қашып,
Қырдан-қырға барады асып.
Сәмбі талдар сәукелелі,
Толқын ойнап еркелейді.
Шулап желмен сартерегі,
Көктем қыздан гүл тереді.

Асау өзен жоңкіледі,
Толқын тулап желпінеді.
Бауырына алып күміс ерді,
Шу асаудай мөңкігені.
Бұзып жарып кимелеген,
Тентек ағыс билеп ерен,
Көпірінді қағып өтіп,
Ұмар-жұмар сүйрелеген.

Қол соғады құмай дала,
Қылығы оның ұнайды ана.
Тентектікті тектіліктің,
Белгісіне балайды ана.
Сыймай ағып арнасына,
Шапшыйды екен жар басына.

Қояр емес кернеген күш,
Көкше көлге бармасына.

Алқынады асау өзен,
Құм құрсағы тұсау кезен.
Сөл есіне түсті-ау әрең,
Басып қатты солығында,
Келмей қайта қалыбына,
Жатты сіңіп долы құмға.
Құм астымен барады ағып,
Періштедей тазаланып,
Көл – Анаға жолығуға,
Көл – Аңада сағынуда.

* * *

Көсілетін даланың күйі қандай,
Күмбірлесе “Саржайлау” үні балдай.
Арғымағың астыңда барады ағып,
Ат дүбірі күй бөлып құйылғандай.
Кестелейсің жотаны кең әуенмен,
Құмар едім далаға мен әуелден.
Тұяғынан тұлпардың күй сорғалап,
Қоңыр кешке құлашы жыр әлемнен.
Дала деген домбыра мамырлаған,
Адамдардан сор мен сый қабылдаған.
Өзегіне жинаған оксігін ол,
Күй тілімен айтады, зарын саған.
Арман далам!
Адамға еш тарылмаған.
Зарыңды да,
Кешір, кеш қабылдағам.
Дала сенің перзентің деуім қате,
Ұлың болып өзіңді сағынбасам.

ҚЫС СУРЕТТЕРІ

Толқындар жоқ ойнаған,
Шағала да ұшпайды.
Боран ұйытқып қоймаған,
Бәріне енді қыс қайғы.

Мүз күрсанған қол беті,
Түнереді түксиіп.
Жалтыраған мүз бетін,
Аяз ғана жүр сүйіп.

Ұйлығады ақ боран,
Ақыра кеп ақпанда.
Ақ түтекке оранған,
Ашылмайды қақпаң да.

Көк дауылға күрп етіп,
Көрінбейді күн беті.
Үйден шыға мүлт кетіп,
Жеткізбейді ел шеті.

Ақ далада ат шана,
Жарысады желменен.
Алыста бір от қана,
Жарқылдайды қолденен.

Қайда-қайда ауыл деп,
Жауғандаймын маңайға.
Долданады дауыл тек,
Адастырмақ қалайда.

Арпалысқан ақ боран,
Адастырса жоқ шамам.
Өмірімнің өзіндей,
Ағып келет ат шанам.



АҚША ҚАР

Алғашқы жауған ақша қар,
Ақ ұлпа жайған бақшалар.
Ақ көйлек киген қайыңдар,
Дәл сендей сұлу жоқ шығар.
Ақша қар қандай сәулелі,
Айнала аппақ нұрға енді.
Алтыннан алқа тағынған,
Арулар сонда көргем-ді.
Алаң ғып мені қанша ойлар,
Жанымды кейде ән жайлар.
Ақша қар жауған сол күнгі,
Арулар қайда, қайда олар.

ҚЫСТЫҢ ҒАЖАП КЕЛБЕТІ

Қыстың ғажап келбетін ұнатамын,
Содан ғажап ерекше қуат алдым.
Сүт сәулеге оранған қарлы қыстан,
Шабыт іздеп өзімді жұбатамын.

Дауылды аңсап тұрады жаным кейде,
Алай-дүлей ақ боран соқса дей ме?
Ақ түтекке оранған қарлы дала,
Ақ қағазға олең боп төгілмей ме?

* * *

Ақпаным-ай,
Ақыршы, ақыршы бір.
Мазамды алып кіл оңкей,
Ақылшы жүр.
Сенің қатал айбарын керек маған,
Ашуынды ақпаным,
Шақыршы бір,
Ақыршы бір.
Алай-түлей дауылды,
Сапыршы бір.
Ақ түтекті жамылып,
Ақ далада
Ақ қанат жыр
Ағылып,
Жосылшы бір.

* * *

Кәрі қыстан кәр кетіп,
Жас жуады жанарын.
Көктем ару тербетіп,
Әдіптейді ажарын.

Ғашық болып ояндым,
Бүршік жарған көктемге.
Шақырады аяулым,
Гүлге оранған бөктерге.

Балаң қайың қалған ба,
Шашын түйіп бой жетіп?
Терек сүйіп алған ба,
Қайың қызға ой кетіп?

Дірілдейді қыз көктем,
Үзілердей бүлк етсең.
О, ғажайып!
Күн көктем,
Сұлу едің сен неткен!

Ғашық әнін тербеткен,
Ғашық болып ержеткен.
Мен де сенің ұлың ем,
Махаббатқа серт еткен!

ҚАСҚЫРЛАР

Қантар еді, даланың аязы кем,
Сонар түскен мезгілдің таяғымен.
Ақ сонарға із тастап ұялы арлан,
Із кешеді мал-жанның тұяғымен.

Көңілімді жүргенде өртеп өлең,
Қара қасқыр естігем ертегіден.
Кокбөрінің болса егер өз тұқымы,
Қара бөяу жамылмас ол тегіннен.

Қыңыр келіп сол күннің сонарына,
Қалды ілігіп аңшының назарына.
Итшілеуді білмейтін борі мінез,
Сезді білем жалғанның озарында.

Аң аулайтын түз кешіп аңшы деген,
Аң кумаса көңілі көншімеген.
Ақ далада мендей боп қара қасқыр,
Қарсы алдынан мұншалық жоңкімеген.

Қара қасқыр жотасы күлтеленген,
Зерттер оның тұқымын кім тереңнен.
Қара қаншық, қара арлан қарлы қыста,
Қылшық жүні құлпырып бөртеген.

Мерген еді аңшымыз қапысы жоқ,
Бір тартатын екі атар қақысы жоқ.
Қарауылға ілігіп қара қаншық,
Арланды да құтқармай ұшырды оқ.

Қаншығымен қатар сұлап жатты арлан,
Жарқыраған көзден ұшып бұ жалған.
Ыза қалды азуында ырсып,
Сүс береді қан тогілген жанардан.

Арлан болар, бәлкім, алты қар басқан,
Кекшіл көзде түнереді зерлі аспан.
Ал соңында қалды ұлып,
Болтіріктер тұңғыш рет қар басқан.

Қазақ тіліндегі әдебиеттің тарихы мен ерекшеліктері туралы мағлұматтарды ұсына отырып, оның қазақ халқының мәдениетіндегі ролін және әдебиеттің қоғамға қандай әсер ететінін тереңірек түсіндіруге тырысайық. Әдебиеттің тарихы мен ерекшеліктері туралы мағлұматтарды ұсына отырып, оның қазақ халқының мәдениетіндегі ролін және әдебиеттің қоғамға қандай әсер ететінін тереңірек түсіндіруге тырысайық.

КӨКТЕМ ЖЫРЛАРЫ

Қыз көктемнің көзінен сыр аңғарып,
Күлімдейді жан біткен құмарланып.
Сыңғыр қағып,
Бұралып тау бұлағы,
Тамылжиды тамаша бір ән салып.

Алтын кірпік таң атты арайланып,
Тағы келді қыз көктем шыр айналып.
Кәрі тоғай жасарып кеткендей ма?
Кеткендей ма,
Сұлудан басы айналып?

Омырауы бусанып жер ананың,
Тартып жатыр дәл мендей жыр азабын.
Көктем қыздың қолынан шарап алып,
Мен өзіңе тағыда жыр жазамын.

* * *

Омырауы исініп,
Төнеді бұлт төскейге.
Дала жатты сүйсініп,
Кеудесінде шыт жейде.

Кеудесінде шыт жейде,
Әлде кімді күт дей ме?
Қарсы алады бір сұлу,
Ақ жауынды беткейде.

Тамылжиды айнала,
Ән салады ай қала.
Құлпырады көктеммен,
Дала сұлу жай ғана,
Аймаласаң, аймала.

ТЕРЕК

Ойнап көкте жай кенет,
Құлап түсті бәйтерек.
Жапырақтар шуылдап,
Жылап тұрды жас терек.

Қырау шалып қияны,
Қайғы жанды қияды.
Бәйтерек те байқасан
Жер қойнына сияды.

Тоғай қалды аңырап,
Түнереді атырап.
Ақ жауынмен егіліп,
Түн жылады қалтырап.

Құздың ұшар төсі еді,
Ол бәріне ес еді.
Еске алады қара орман,
Бәйтеректі кешегі.

ТҰМАН

Тұман еді теңіздің төсін өпкен,
Көк бурадай келеге тура шөккен.
Арпалысып аунайды төлқын ұрып,
Құмарына жолығып есі кеткен.

Жағалауда жайқалған майда құрак,
Сыбырласты өзара түріп құлак.
Тыныштыққа бөленіп тұра қалған,
Шағала да кетіпті көлден жырақ.

Далаға күрең күз келді,
Бұлттар да көкте жүзді енді.
Сырғасын түзеп жас қайын,
Терекке көзін сүзді енді.

Менің де жаным күйзелді,
Мұңлы бір күңгірт күйге енді.
Оңаша, оқшау қалайын,
Мазалап, маған тиме енді.

Арбалып сұлу сезімге,
Жүзейін қиял теңізге.
Көңілден күзді қуайын,
Қыз – көктем қайда көз ілме.

Жыр жазу менде бір арман,
Сол сертке мәңгі тұра алғам.
Үміт пен күдік сеніммен,
Арманшыл бөлып жаралғам.

ҚЫРАН
МҰХТАР ШАХАНОВТАН

Тұла бойдан әл тайып,
Қыран бүркіт қалды ұяда қартайып.
Откен күннің ерліктерін еске алып,
Соған ғана жатты іштей марқайып.

Жанарынан сырғиды енді көк аспан,
Көк аспанға өршелене таласқан.
Тұғыр етіп шыңды анау,
Қыран гұмыр даңқыменен жарасқан.

Кеудесінде сыздады бір тосын ой,
Тірліктің де сәні кетіп, семді бой.
Қорлықпенен тұлып болып жатқанша,
Күз биіктен құламақшы ендігі ой.

Заңғар коктің құшағын,
Тілгілеген өр қанат.
Қия шыңнан төменге,
Құламақшы сорғалап.

Бекіп іштей осы ойға,
Кетті орнынан нық тұрып.
Күз биіктен құрдымға,
Жіберді өзін лақтырып.

Ата қыран кетті өліп,
Өлерде де кектеніп,
Тұрды білем ішінен,
Ездігінді жек көріп.

Күздың ұшар биігі,
Ашылмай тұр иіні.
Жүдететін секілді,
Ақ иықтың күйігі.

Шабыт беріп өрдегі үн,
Талай ойды тербедім.
Қыран қонған биіктің,
Аласасын көрмедім.

Көрінгенге қол емес,
Қыран жайлар қия шың.
Салу үшін ұясын,
Қыран ғана таңдайды,
Күздың шырқау қиясын.

Құласа да құрдымға,
Самғағандай тылсымға,
Өледі екен қырандар,
Табындырып шынды да.

БАЛҚАШЫМ – БАЙТАҒЫМ

Шалқиды төсің айдынды,
Толқындар тулар айбынды.
Сағынып жүрем қашанда,
Төсінде жүзген ай-күнді.

Балқашым – байтағым,
Өзіңмен ғана өзгеше.
Бақыттың сырын,
Бақыттың сырын, байқадым.

Балқашым – байтағым.
Жалтылдап жатқан жайдарлым,
Өзінде өтті жылдарым.
Жағанда туды жарасып,
Толқындай ойнап жырларым.

Әнімді жатқа айтарсың,
Жағадан сен де қайтарсың.
Толқыннан сөңғы толқындар,
Аялап сен де байқарсың.

Балқашым – байтағым,
Теңіздей сезім шайқадың.
Толқынға орап әнімді,
Өзіне сыйға тартамын.

МЕНИҢ БАЛҚАШЫМ

Қасымхан Ахметовке

Теріскейі Балқаштың сала-сала,
Елім деген ерлер де жүр осында.
Қала салып, кен қазған кереметте,
Мыс сапырған маңғазда бар осында.

Қалам менің Балқашым – мыс шаһары,
Жеңе алмаған заманның еш қаһары.
Ойып алып тарихтан өз орныңды,
Таң қалдырып келесің жер жаһанды.

Көлім менің көк теңіз өр толқынды,
Өр толқынға ілесіп шер толқиды.
Қарашығы секілді қара көздің,
Ол мұнайса бұлқынып ел толқиды.

Көкіректі жуамын сағынышқа,
Шешпесе деп тағдырын асығыста.
Кәрі Балқаш, аяулы қариям-ай,
Сен де қалдың адамға бағынышта.

Жарысады көшелер атқан оқтай,
Өз атымен аталды жатқа кетпей.
Келді оралып Алаштың Әлиханы,
Ұмыт болған тарихты баса-көктей.

Қиып отсең даңғылын Қаракеннің,
Шашубайдың ауылына жетер едің.
Ер Ағыбай жарысып қапталыңда,
Сәлем беріп Сәкенге кетер едің.

Ұлдарым бар есімі ұран болған,
Қыздарым бар Күләштәй ән қалдырған.
Жарқыраған жанарда жаңа ғасыр,
Жүректерде алаулап тұнған арман.

Тебірендім тегімнің тереңіне,
Тізгін бердім өзімнің өреніме.
Рухына сыйындым бабалардың,
Мыңжылдыққа аттанып жөнелерде.

ҚҰМЫҢДА ҚАЛДЫ...

Айдыным едің шалқыған,
Көңілге медет болғандай.
Оны да сүйреп шашынан,
Құртатын болды жалған-ай!

Көл еді менің байлығым,
Ырзығын терген бар ауыл.
Басынан кетпей қайғы-мұң,
Шыңғыртып жатыр бір дауыл.

Селкеу де, селкеу селдір құм,
Сенен де көшті сән базар.
Жағада қалды енді кім?..
Ұрланған балық қан базар.

Ормандай еді төранғым,
Оны да қидым балтаға.
Қажетін ашып сараңның,
Беремін салып қалтаға.

Құмыңда қалды қайрандап,
Үміттің қанша кемесі.
Адыра қалған сайран бақ,
Шулайсың енді неге осы?!

АУЫЛҒА БАРҒАНДА

Алдымнан шықты жүгіріп,
балалық шағым баяғы.
Балағын алған түрініп,
жалтылдап жалаң аяғы.

Зымырап өткен сол бір кез,
сағынтып мені қояды.

Білмеймін, неге оттің тез,
балалық шағым баяғы.

Жарысып қырда желменен,
балалық шағым кекілді.

Алыстап кеттің сен менен,
ұмытқан мені секілді.

Анау бір тұста жарысып,
келеді қанша топ бала.

Балалық шағым алысып,
барады қуып допты ала.

Қарайлап қалдым сол тұсқа,
арайлап мөлдір жанарым,

Алаңсыз жүр-ау сол тұста,
балалық дейтін базарым.

Аңсарым ауып ел жаққа,
жүрегім кейде тулайды.

Көрі өзен ырғын, сол шақта,
кеудеме сыймай шулайды.

АУЫЛДЫ АҢСАҒАНДА

Төлеу Мұсановқа

Баяғы мектеп балалық шақтың өткелі,
Коп болды, аға, ауылдан шалғай кеткелі.
Жүремін кейде өуреге түсіп, қиялдап,
Арқырап жатқан өзенді жалдап өткелі.

Ақ көбік атып арнаға сыймай коктемде,
Кок езу толқын іргені келіп тепкенде.
Жүгірер едік өзенді бойлап топ бала,
Ашулы толқын өткелді бұзып өткенде.

Уақыт ұрлап бәрін де соның кетті алып,
Ойымда қалды суреттер сол бір жатталып.
Тоқырауын торғын тоғайлы,
Коп болды сенен кеткелі, мен де аттанып.

Сарытерек десе сағымға сіңіп бір ойлар,
Балалық шақтың базары маған атойлар.
Бұйығы ауыл, бұйра бел,
Сағынар ма екен селдіреп қалған тоғайлар.

Сонау бір тұста бұрқырап бұйра самайы,
Биіктен барлап тұратын торғын тоғайды.
Қайда екен Баба терегім?
Өлкемнің сұлу шырайы.

Қайда екен деймін, қайда екен достар баяғы?
Ағалар қайда, апалар қайда, белгісіз маған ояғы.
Ағыны қатты жылдардың сүйреп жетегі,
Маңдайға тиді тағдырдың қанша таяғы.

Ағалар бар-тын еңсесі биік ер мүсін,
Ел менен жерге тұлға да болған дермісін.
Сау жүрсе болды, тың жүрсе болды тек солар,
Сүйеді солар, сүйеді солар елді шын!

Қайда екен деймін, қайда екен достар баяғы?
Ағалар қайда, апалар қайда, белгісіз маған ояғы.
Ағыны қатты жылдардың сүйреп жетегі,
Маңдайға тиді тағдырдың қанша таяғы.

Ағалар бар-тын еңсесі биік ер мүсін,
Ел менен жерге тұлға да болған дермісін.
Сау жүрсе болды, тың жүрсе болды тек солар,
Сүйеді солар, сүйеді солар елді шын!

ҚҰДЫҚ БАСЫНДА

Ат суара келген ем,
Ауылына құрбының.
Ит арамдап кетіпті,
Астаудағы тұнығын.

Құлажирен тақымда,
Ауыздығын сүзеді.
Астауға сәл жақындап,
Арам судан безеді.

Су шығырын шыңғыртып,
Шыңыраудан су тарттым.
Құла бесті тұрды үркіп,
Білмей оның еш парқын.

Шеген құдық тым терең,
Қауға тартып көрген ем.
Шелек-шелек суды әрең,
Тартып сонда терлегем.

Құланы да суардым,
Өзіме де су алдым.
Қанар емес құмарым,
Мөддіріңе қуандым.

Тағы келіп ауылыңа,
Ат суғарып тұрармын.
Тұнығыңа жолатпай,
Ит біткенді қуармын.

Қытай әдебиеті

Қытай әдебиетінің тарихы
Қытай әдебиетінің тарихы
Қытай әдебиетінің тарихы
Қытай әдебиетінің тарихы

Қытай әдебиетінің тарихы
Қытай әдебиетінің тарихы
Қытай әдебиетінің тарихы
Қытай әдебиетінің тарихы

Қытай әдебиетінің тарихы
Қытай әдебиетінің тарихы
Қытай әдебиетінің тарихы
Қытай әдебиетінің тарихы

Қытай әдебиетінің тарихы
Қытай әдебиетінің тарихы
Қытай әдебиетінің тарихы
Қытай әдебиетінің тарихы

Қытай әдебиетінің тарихы
Қытай әдебиетінің тарихы
Қытай әдебиетінің тарихы
Қытай әдебиетінің тарихы

II-БӨЛІМ

ПАРАСАТ САЗЫ



БОСТАНДЫҚ

Боздадық па боз інгендей босанып,
Сені қуып кетті өмірден қанша алып.
Алатау да,
Қаратау да, Арқа да,
Жатыр бүгін бостандық деп өн салып.

Бостандықтың сыпырып бар ноктасын,
Өзің келіп қақтың қазақ қақпасын.
Бостандығым, азып-тозып жеттің-ау,
Егілмеші, көзің жасы тоқтасын.

Кетпе сусып уысымнан ұлы ұғым,
Лайлатпашы туған елдің тұнығын.
Талай ғасыр шегіп зарлы қасірет,
Бостандығым келді сүйреп жұлығын.

Аялашы, паналатшы енді оны,
Сүріндіріп құлдық ой да жеңді оны.
Шомылдырып боз биенің сүтіне,
Ақ киізбен көтерейік енді оны.

Бостандығым әлі балаң белі бос,
Іздемейік оған енді жеңіл дос.
Бекітейік буыны мен іргесін,
Алашым-ау, енді ешкімге берме дес.

ШАҢЫРАҚ

*Балқаштағы
Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 10 жылдығына
арналған монументтің ашылуына*

Зәулім едің, зәулім едің сен қандай,
Енкеюден, иілуден иінім де талғандай.
Шайқалтпауға шаңырағын бекініп,
Болат білек мәңгі тіреп қалғандай.

Көзге парлап жас келеді шаттықтан,
Өтті қанша қаралы күн жас жұтқан.
Отқа оранып жүрсе-дағы өр елім,
Шаңырағын төбесіне ап шыққан.

Еңкейтпеші шаңырағын елімнің,
Айқара ашып бақытыңның есігін.
Биігіңнен күн сәулесі төгіліп,
Ал, төрінде тербетілсін бесігің.

Сездім содан беріктігін ділімнің,
Сездім содан еркіндігін елімнің.
Үзігіне ұя салған қарлығаш,
Шаңырақтың аясында көз ілдім.

СЕН ТӘҢІРДІҢ ҰЛЫ ЕДІҢ

Балқашта Шашубай Қошқарбайұлының атында музыка мектебі бар. 1990 жылы осы мектептің алдына Шашекеңнің ескерткіш бюсті қойылды. Кейін мектеп басқа ғимаратқа қоныс аударған кезде мектеп әкімшілігі Шашекеңнің ескерткішін жұртқа тастап кеткен. Иесіз қалған ескерткішті әлдекімдер сындырып, ақыры жоғалып кетті.

Балқаш Шашубай ақынның туған жері ғой. Қазақтың жезтаңдай, ақиық ақыны атанған Шашекеңе жасаған құрметіміздің түрі осы бол ғаны ма деп кейде қатты күйзелемін.

Ай, Шашеке, Шашеке,
Сен Тәңірдің ұлы едің.
Талантына табындырған талайды,
Сел тұрғызған ағын жырдан арайлы.

Араладың не бір алтын сарайды,
Жараладың сан арудың жүрегін,
Ай, Шашеке, Шашеке,
Серілікпен өтті сенің көп күнің,
Жырсыз өткен жоқ күнің.
“Ақ қайыңдай” ән-жырын,
Сенен қалған ұлы ескерткіш деп білдім.

Тебіреніп телегей,
Жырдың пірі болған едің бірегей.
Сен туралы сөз болса,
Қалай тұрам үндемей.

Сөдырдың көп қанжоса білегі оның,
Жақамасын әнді аса, білем, оның.
Тас тұғырда орнаған тас мүсінің
Тас еденде тас-талқан шықты бүгін.
Ұқтыра алмай әңді тас керенге,
Жеткізе алмай жырынды жас өренге,
Мен де айналып барамын тас еменге.
Тас тұғырда тұратын тас мүсінің
Түсті ме екен қолына жат кісінің.
Ғайып болып козімнен бір-ақ күнде,
Тас тұғырдан жоғалды өр мүсінің.
Шарқ ұрып, шыңғырып ғайыптан бір,
Елес кезіп өйымнан айықпай жүр.
Жалт қаратып тосыннан шыға келіп,
Аруағың ұрпағыңды айыптап жүр.

ЖЫРҒА ҚОСТЫМ ӨЗІНДІ

*Аймақтық "Балқаш өңірі"
газетіндегі әріптестеріме*

Көтеріп биік еңсені,
Жырға да қостым мен сені.
Жетпіске келген күніңмен,
Құттықтап жатыр ел сені.

Қадірлім әрі айбарлым,
Тарихы талай жайлардың.
Бабамның сөзі секілді,
Тереңге тартар ойларың.

Жаршысы жалпақ даланың,
Үні боп сұлу даланың.
Қолында жүрші балқаштық,
Қазақ боп туған баланың.

Өмірін жырлап өңірдің,
Өлең боп сен де өрілдің.
Айбарлы шыңдай арқаның
Алыстан асқақ көріндің.

Айнасы болып аймақтың,
Шындықтан әсте таймапсың.
Ағалар салған ақ жолда,
Шашубай сынды сайрапсың.

Сертте де тұрдың семсердей,
Көргем жоқ газет мен сендей.
Тілімнің тәтті мәйегі,
Бойыңда сенің жүр сонбей.

Көл болып кейде шалқыдың,
Мыс болып қанша балқыдың.
Тораңғы сынды күрсініп,
Ой кешіп кейде толқыдың.

Жарлыға беріп қол ұшын,
Сойледің сөзді ел үшін.
Тілімнің алтын сынығы,
Намысым болдың мен үшін.

Жетпіс жыл айбын асырдың,
Дауылын серпіп ғасырдың.
Тәуелсіз қазақ көгінде,
Жыр болып қайта жосылдың.

ӘЛҚИСА МЕН НҮРҚИСА

*“...Меніңше, бұл адам “дың” еткен
дыбыстан жаралған”
Кеңшілік Мырзабеков.*

Армандай ғажап асқақ үн,
Тербейді байтақ даламды.
Жаулайды сәтте қас-қағым,
Аққу-ән ғарыш ғаламды.

Қүдірет, ғұмыр, өр екпін,
Сыйдырып бойға ғаламат.
Суарып сазды, гүл ектің,
Қуанды қанша азамат.

Ән менен күйдің еркесі,
Семсер ең сертке бергісіз.
Елдің де сен ең еркесі,
Іздейміз аға енді біз.

Айқара ашқан есігін,
Сарайлар қалды қанша артта.
Тербетіп әннің бесігін,
Келер ме ең енді жол тартса?

Сері де өзін,
Сал да өзін,
Имеген басын ешкімге.
Маздатып отын сал сезім,
Бақыт пен сорды кештің бе?

Әлқисса болып шешіліп,
Нұрқиса болып көсідің.
Аңыз боп елге есімің,
Күй болып мәңгі көз ілдің.

Дүбірге толы дүние,
Төр берді саған мәңгілік.
Бұлқынған асау күйінде,
Өмірді жүрсің ән қылып.

ҚАЗАҚТЫҢ ХАМЗИНІ

Жаңа жыл қарсаңында қалалық ономастикалық комиссиясының шешімімен Балқаш мысшылар мәдениет сарайына Қазақстан Республикасының халық әртісі Мағауия Хамзиннің есімі берілді. Ол осы мәдениет сарайында алғашқы өнер қарлығаштарының отауын тігіп, бүгінгі “Сарыарқа” ансамблінің негізін қалап, домбыраға көптеген жастарды баулып, ұстаздық еткен еді. Мағанның даңқты есімі ел жадында осылайша жаңғыра бермек.

Ой, дүддүлім-ай,
Оралып жүруші едің жыл құсындай.
Сағынып Сарыарқаға келген сайын,
Күй болып құба жолда күйғыдың-ай.

Бата алып Аққыз бенен Әшімтайдан,
Сайрадың домбырада қаршадайдан.
Тулаған толқын атып арынды күй,
Арқырап жатушы еді кең сарайдан.

Жан едің жаны жомарт өнер құған,
Сазымен “Сарыжайлаудың” бетін жуган.
Сөйлетіп Моцартты да егіз шекте,
Өзгені өнеріне табындырған.

* * *

Қас өнерді пір тұтқын,
Тектілердің тұяғы ең.
Домбырада өр тұлған,
Күмбірлеген күй-ақ ең.

Сенің ұлы бақытың,
Күйде қалған секілді.
Ұлы өнердің жаһұты,
Билеп алған секілді.

Өнер еді мұратың,
Талант еді бір атың.
Тұтатамын өзіңнен,
Мен де жырдың бір отын.

Шертпе күйді идіріп,
Шер толқытқан дер едім.
Егіз шекке сыйдырып,
Сен ғаламды тербедің.

Сазбен өрген сапарың,
Сахараны жүр шарлап.
Туған елің, достарың,
Еске алады жыр арнап.

ҒАРЫШКЕР

Тоқтар Әубәкіровке

Көл жатыр көкірегін шаттық кернеп,
Айдыңға түсіргендей тұңғыш өрнек.
Ақ арман ел аңсаған осы еді-ау деп,
Кәрі тау о да түр ғой ойын тербеп.

Сарыарқа жатыр бүгін толгатқандай,
Бусанып наурыз айы тіл қатқандай.
Естимін ғарыштан бір ғаламат үн,
Тоқтар! – деп, қыран дауыс тіл қатқандай.

Сан жылдар сарсаң болған сана тозып,
Сан арман құмға сіңген, жылдар озып.
Сонда да сөнген емес қиял-арман,
Самғаған үкілі үміт ғарыш кезіп.

Бабалар көз тіккен ғой ғарыш саған,
Қиялы ғарыш кезіп шарықтаған.
Бір ана ұл туыпты ғарышкер ғып,
Әз баба енді сірә қамықпағын.

Тербедім жүрегіме Тоқтар өнін,
Намысын нар қасқа елдің ақтар дедім.
Ғарыштан хабар алып оралғанда,
Атыңды мәңгі қазақ жаттар дедім.

Батырым, Баһадүрім, Ғарышкерім.
Бір туар қазағыма арыс, дедім.
Самғай бер елің үшін биіктерге,
Қиялы қиыр кезген даңқты ерім.

Арқаның бастың бүгін топырағын,
Токтар! – деп, толғайды жыр атырабым.
Токтарым, Толағайым сүрінбе, – деп,
Рухын бабалардың шақырамын.

МҰЗБАЛАҚ

Мұқағалиға

Мұзбалақ еді күзде өскен,
Тұрағын іздеп түз кешкен.
Мұзартқа қонып, көк шарлап,
Биікпен ғана жүздескен.

Ақ жауын болып ашылып,
Ақ шуақ болып шашылдың.
Сарайлар ашып есігін,
Жыр болып сонда жосылдың.

Алдауға енді көнбедін,
Арбауға және төзбедін.
Кеудеңнен кері итерген,
Наданды көзге ілмедің.

Шығып ап қырға, сайыңға,
Айналдың жалпақ қайыңға.
Біз жүрміз мұнда жыр оқып,
Жердегі сенің тойыңда.

Шалкөде жатты шаңдатып,
Тұғырдан тұлпар таңдатып.
Алқымын бояп көк жиек,
Келеді тағы таң да атып,
Келеді бізді жұбатып.

НАҒАШЫ АТАМ

* * *

Нағашы атам Молдахан – діндар еді,
Қызыл тілге ғажап бір – ділмар еді.
Иттжеккенге айдалып байлығы үшін,
Конфескенің о да бір құрбаны еді.

Тіс жармаған азапты қияс күннен,
Өзін мәңгі жұбатқан сияқты іштен.
Он бес жылдық ғұмырын мұзға байлап,
Келді айырылып, бойдағы мият күштен.

* * *

Жан еді ғой айнымаған қалыбы,
Бұза алмаған сайқал күннің сарыны.
Жалбарынып жаратқанға жүрді іштей,
Озбырлықтың басылса деп арыны.

Бір Аллаға мұқтаж болып ұйыған
Қуат алып шықты қанша қиыннан,
Келсе оралып қиырдан,
Туған жердің дәмі болар бұйырған.

Шапағатты тосты жалғыз Алладан,
Тәрік етті жақсылықты жалғаннан.
Көрер күннің жарығын, —
Қанағат кып, Бағдат деп,
Өмір гүлін жалғаған.

О заманның зарын адам ұғар ма?
Сабағынан үзілген гүл оңар ма?
Қанша қайнар құм басып,
Қалды кеуіп қанша арна,
Әділетсіз заман-ай,
Бұлдыраған жанарда!

СЕКСЕН ЖАС

*Қадірлі ағамыз
Әлихан Жәңгірұлына*

Менің әкем
Сексеннің жетеуін ілген адам,
Құпиясын өмірдің білген адам.
Қызығы мен шыжығын бү ғұмырдың,
Бір кісідей қасқайып көрген адам.

Содан ұқтым,
Сексен деген ғұмырдың ұлылығын,
Ұлылығын өмірдің жылылығын.
Бүгін, міне, тағы да тұрмын естіп,
Сексен деген ғажайып ғұмыр үнін.

* * *

Кәрілікке ұқсатпадым
Сексенді,
Сексенде де іздейді адам
Көктемді,
Сексен деген серке жас па деп қалдым.

Шаршатпайтын,
Алдырмайтын текке енді.

Сексен деген парасаты-ау деп қалдым
Нар тұлғаға,
Жараса ма, деп қалдым.

Сексен деген өңай емес шамасы,
Сұлуға да таласа ма, деп қалдым.
Солай аға,
Сексеннен де сескенбе,
Сексенге де дес берме.

Қырықтағы кезіндей,
Сексенде де төске өрле.
Гүл гұмырды,
Кешіп жүрші көктемде!
Сексен деген гұмыр атты Бөктерде.

АБЗАЛ АҚЫН

Абзал ақын
Сырға тұнып сырбаздау қозғалатын,
Ол емес-ті кергитін, сызданатын.
Атағыңды, даңқыңды қызғанатын,
Мінезі бар жібектей қыздай ақын.

Шыңға тігіп жанарын шабыттанса,
Жанар таудай тереңнен қозданатын.
Мен білетін сол еді
Абзал ақын,
Абыздайын сөйлейтін, маңғаз ақын.

Жамылмайтын ешкімнің жалған атын.
Ақтоғайдан кетті ұшып Алатауға,
Жалғаймын деп киелі Жыр қанатын.
Биіктетіп азамат Абзал атын.

Адалдық деп,
Шындық деп толғанатын.
Сен ұшырған жырлардың талмасын деп,
Тілеп жүрем қашанда жез қанатын.

Елге деген суытпай махаббатын,
Тигізбекші талайға шапағатын.
Мен білетін осы еді – Абзал ақын,
Елінің де шығарған абзал атын,
Биіктерге самғай бер азаматым.

КҮЛТЕГІННІҢ РУХЫН ІЗДЕДІҢ БЕ?

Серік Ақсұңқарұлына

Көз жазбаған мәңгілік мұраттардан,
Шабыт қысса лапылдап жыр ақтарған.
Рухымды жаныған қыран дауыс,
Саңқылдайды ғаламшар құрақтардан.

Мұңға алдырмай ойынды нұрға бөлеп,
Ақ қағазға түсірдің тыңнан өрнек.
Ақтоғайдан – Арқадан қанаттанып,
Самғап ұштың арқанда өлең – бөбек.

Жүрегіне жай отын қондырғанда,
Алашты ойлап қанатын талдырғанда.
Ауылына Абайдың Серік ақын,
Жыр тұлпарын сонда бір шалдырған ба?!

Деп қаламын өзінді мәрт мінездім,
Бұл ғасырдың мінезін тәркіледің.
Адам ата – науа ана айтқан сөзді,
Періште олең пейіштен шерткен едің.

Күлтегінің рухын іздедің бе,
Көктүріктің түсіп бір іздеріне.
Ат шалдырып оған да откендейсің,
Шайырлармен тілдесіп түркі елінде.

Көз жазбаған мәңгілік мұраттардан,
Дауыл сезім лапылдап сыр ақтарған.
Рухымды жаныған ақ берен жүр,
Саңқылдайды ғаламшар құрақтардан.

СІЗ НҮҚАТӨМІРШЕЛІННІҢ ҚҰЛЫСЫЗ

Ақынның өлеңі

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

Сіз нұқатөмірше едіңіз, нұқатөмірше

АҚ САРАЙ

Балқаштағы мысшылар мәдениет сарайы 1949 жылы “Балқаш ЛАГ” тұтқындарының қолымен тұрғызылған. Мұнда жазықсыз жандардың маңдай тері мен көз жастары бар. Сөнысымен де өл киелі орын.

Өнердің бұл да бір ордасы,
Ақын да, батыр да,
Ән-күйдің алуан жорғасы.
Ат басын тіреген осында,

Осынау ақ сарай қақында
Сөз де көп айналған аңызға.
Тұтқындар тұрғызған дейді оны,
Советтік “Степлаг” тұсында.

Көремін кейде одан көз жасын,
Ал кейде арманның жалғасын.
Естимін кісеннің сыңғырын,
Зорлықтың таңбасын.

Құйғандай қорғасын,
Қасірет басады еңсеріп,
Көремін тұтқындар тұлғасын.
Айдауда жүретін әл семіп,

Қайтеміз қазбалап өткенді,
Білем ғой жаралы тарихым,
Зорлықпен құл болып өткендер,
Тағдыры жанымды қаритын.

Ал бүгін ақ сарай төрінде,
Ән шалқып, қағады күй қанат.
Қол соққан қошамет бәрін де
Жаладан, наладан енді азат.

О, ғажап!
Қаламын ой бөгеп,
Бар ма деп мұнда бір махаббат,
Түр ма деп аманат.

Жоқ әлде жылай ма,
Жылай ма?
Түтқындар тұрғызған,
Осынау ғимарат?

ҰСТАЗ

Тілеуғалы Әміртайұлына

Жасың бұл алпыс деген арда жүйрік,
Ақылмен қондыратын қолға билік.
Аға деп, ақсақал деп ағайын-жұрт,
Алдыңда тұрғандай ма басын иіп.

Кезің бұл өткенді бір саралайтын,
Алпыс жыл нұрға бөлеп тарады ай-күн.
Алпыс жыл күрес құрып бақыт үшін,
Самайға қырау түсті тарамайтын.

Гүл егіп шәкірттердің жүрегіне,
Айналдың сан ұрпақтың тірегіне.
40 жыл ұстаз болған өз-аға деп,
Қошамет жаудырамыз бір өзіңе.

Мерейлі, мәртебелі, дүлдүл жасқа,
Толдыңыз, аға, бүгін Алла жазса.
Өмірдің нар өркешті биігі-ау деп,
Даналар ат шалдырған осы жасқа.

Көтеріп көңілдегі хошыңызды,
Жақсы деп ел мақтайды атыңызды.
Кешегі Башар шалдан бата алып ең,
Ұмытпа нағашыдай затыңызды.

Ай аға, құтты бөлсын алпыс жасың,
Әлі де жас кезіңдей талпынасың.
Аяулы Қалимаштай жеңгімізбен,
Жігіттік отыздағы қалпыңдасың.

Тілеке, құтты бөлсын алпыс жасың,
Әлі де арман қуып лапылдарсын.
Жеңгіміз Қалимашпен қатар жүріп,
Жүзге де құдай жазса жақындарсын.

Өмірдің көрдің талай өткелегін,
Асудан алпыс рет өткен едің.
Ұшырып үш балапан ұясынан,
Өзің де бәйтеректей көктеп едің.

Қазақтың зиялы бір тұлғасы деп,
Ұстаздық – ұлағаттың тұнбасы деп,
Өлеңмен шашу шаштым асыл аға,
Қасқайып дауылдардан сынбасын деп.

АРДАҚТЫ АБАЙ МЕКТЕБІ

Балқашта Абай мектебі,
Тарих қой оның өткені.
Нәр алып мұнда шәкірттер,
Бәйтерек сынды көктеді.

Тербетіп өмір өткелі,
Гүл жарды дала көктемі.
70-ке келдің сен бүгін,
Ардақты Абай мектебі!

Алмасып жылдар, күз бен қыс,
Қарсы алдың қанша қаһарды.
Түлеген сен де ұл мен қыз,
Шарлаған мынау жаһанды.

Ошағы болдың қазақтың,
Кезіне қызыл одақтың.
Тілімнің маржан мәйегін,
Сақтаған қара шаңырақсын.

Арқалап Абай есімін,
Тарих боп сен де көсілдің.
Ғылымның шашып сәулесін,
Тұлғалар қанша өсірдің.

Ордасы болып білімнің,
Қорғаны болды тілімнің.
Қаймағын сақтап қазақтың,
Байрағым болып тірілдің.

Ер жетіп сен де қанша өрен,
Елге де тұлға болды ерен.
Намысын қуып ұлтымның,
Көгінде солар жүр дер ем.

Тербетіп білім бесігін,
Ашқыздың өмір есігін.
Өзіңнен ұшқан ұландар
Ардақтар Абай есімін.

Жыр болып кейде жосылдың,
Абайдан қалған жауһардай.
Күй болып бірде көсілдің,
Хамзиннің өзі тартқандай.

Түлетіп төрткүл әлемге,
Ұшырдың қанша қыранды.
Үйреттің соның бәріне,
Отаным деген жыр-әнді.

Тербетіп өмір өткелі,
Гүл жарды дала коктемі.
Жетпіске келдің сен бүгін,
Ардақты Абай мекетебі!

ЖЫР ЕЛІНЕ

М. Нұртазаұлына

“Асыл арман” алдында аңкылдаған,
Ақжелең жыр кеудеңде жарқылдаған.
Қара өлеңге қапысыз ой тұндырдың,
Ақ дауылда ақын ол саңкылдаған.

Өмір сырын өзінше түйіндеген,
Тебіренсе көмейден құйылды олең.
Ақ тұлпарын шабыттың ерттеп мініп,
Жарыстырған үшқыр ой құйынменен.

Тартып жырдың азабын, тозағын да,
Елемеген өмірдің мазағын да.
Нағыз ақын, ағайын, Пайғамбар ол,
Пенделіктің алданбас тозаңына.

Тарбағатай тауының бұлағындай,
Сарыарқаның сәнді бір құрағындай.
Олең оқып өзіңнен өрелі аға,
Жырларыңа сүйінші сұрадым-ай!

ТОҚЫРАУЫН ӨЗЕНІ БОП КЕП ТҰРМЫН

Ақын Әбіл Кәріпбайтегіне

Акөленде тудың да,
Қара өлеңге қадам басып жөнелдің.
Қуанышқа содан ғана кенелдің,
Балықшы боп,
Ұстаз боп,
Құрметке де бөлендің.
Бірақ, бірақ, Әбеке,
Сен халқыңа Ақын болып елендің.

Сыйын ұғып, сидам тартқан даланың,
Жыр соқпағын қаладың.
Мұнайсаң да қаншалық,
Мұқалмады талабың,
Жұқармады қаламың.
Жыр-музаның мұхитына түншығып,
Дауыл оймен жағаласып тік тұрдың.

Көкше көлдей қайратынды ұқтырдың,
Айдыныңа арбалып,
Тоқырауын өзені бөп кеп тұрмын.
Тұлымды етіп
Туған жердің түлегін,
Түлегіңмен қатар ұшып түледің.
Сенің маржан жырларыңа, Әбеке,
Мәңгіліктен, мәңгі ғұмыр тіледім.

Көнермейтін Көкше көлдей көрікті,
Жырға ғана келдің беріп ерікті.
Содан ғана таптың білем серікті,
Бесіндегі жүлде алған
Берші бүгін шабытыңа ерікті!
Жыр періште,
Көтер мені, бер қуат!

Ақынға тек жыр мұрат,
Кәрі теңіз қолда сен,
Кеудемдегі шырылдаған мұңды уат.
Тек ақынға,
Тек ақынға бер қуат!
Шақыр енді шабыт деген пірінді,
Естиікші күркіреген өр үнді.
Төкші біраз бөйдағы алау-теріңді,
Тербеші бір,
Тербетші бір сезімді.
Саған келдім сағынып,
Жыр оқитын кезінді.

ЖАЛАУ

Әбіл көкеме

Сен жайлы жиі толғанам,
Толғанам,
Оймен сандалам.
Заман-тын ол бір сұрапыл,
Талайды қыршын жалмаған.

Өрімдей көркем жас та едің,
Талайға ақыл, бас та едің.
Жұмбақтау жұтаң заманның,
Есігін сонда ашты елің.

Жанарың жасын нұр шашып,
Табаның қызыл қыр басып.
Албырап алау жас көңіл,
Асудан талай жүрді асып.

Серік боп асау қиялы,
Шарладың оймен қиянды.
Бар еді сен де көп арман,
Көркейтсем деген ұянды.

Өшіріп өндірі ойды алау,
Көшті бір ғұмыр жалған-ау.
Қып-қызыл қанға боялып,
Желбіреп тұрды бір жалау.

Сол жалау болып сенгенің,
Оққа да қарсы жүргенсің.
Құлатпай соны құрымға,
Намысты қорғап көргенсің.

Түркісіб болып түрленіп,
Тың болып дала дүрлігіп.
Астында жатты шпалдың,
Ғұмырлар қыршын үзіліп.

Алашын ойлап бар аймақ,
Ұрпағың қалды қарайлап.
Шошынып атом даусынан,
Шынғырды дала Абайлап!

Сол жалау тұрды сонда да,
Жендеттей жүзі нұрлана.
Жасасын! – деді жалпақ ел
Үніде шықты зорлана.

Тербетіп ғұмыр бесігін,
Биік түр сенің есімін.
Егемен болып елдіктің,
Аштық біз өмір есігін.

* * *

Секен Көбеновке

Жалғыз жортқан жапан түзде жандай бір,
Жабықты да, үзілді бір жанбай гүл.
Жанарына түнды сонда қандай мүн,
Жас жүрегін жайлады екен қандай нұр.

Жұмбақ еді,
Жұмбағы көп өмірің нұрлы-ақ еді.
Жарық күнің жанып бір тұрмақ еді,
Жұмбақ әлем тым ерте кеттің-ау алып,
Қас онерді енді-енді қумақ еді.

Өзің еккен балаң қайың гүл жарып,
Құлпырады, талпынады нұрланып.
Баяғы озен,
Баяғы ауыл байқасаң,
Баяғыша келеді өсіп ыргалып.

Кеттің солай оралмасқа келмеске,
Аламысың о жақта сен елді еске.
Хор қызына жүр ме екенсің жыр оқып,
Баяғыша шарап ішіп әр кеште.

Сен оралмай кеттің енді келмеске,
Жыр оқимын алып кейде сені еске.
Адал достар ұмытпаған дұға оқып,
Қабіріне қойып жатар гүл десте.
Жыр оқимын алып кейде сені еске.

ҚҰРДАСЫМ СӘДЕНГЕ

Шиыр-шиыр жол екен өмір деген,
Шиыр жолға шөккен ғөй небір кемең.
Шимайлайсың өмірдің парактарын,
Қимай келді өзінді қарактарын.

Қызық-қызық өмірден сыр ақтарып,
Қияс ойға сен енді тұрақтадың.
Алды думан өмірдің, арты сұйық,
Кете алмайсың бәрін де ерте қиып.

Ұмтыласың биікке құлаш ұрып,
Алысасың толқынмен аласұрып.
Бірте-бірте ауырлап ой мен дене,
Шиыр құмға шөгетін сен бір кеме.

Жеткенге де мәз болып, кеткенге де,
Сағынасың мұңайып өткенді де.
Тәңір өзі сыйлаған қысқа ғұмыр,
Арпалыспен осылай өткені де.

Өкінерсің, сен бәлкім, өкінбессің,
Тоқтатпаса болғаны өмір көшін.
Талпыныпсың, жақсыдан шегінбепсің,
Ұмтылмасаң сыйлайды тәңір несін.
Көз жазбашы әйтеуір ізгіліктен,
Жүдемесін өмірің күзге іліккен.

ҚАСҚЫР, ҚАҚПАН, БОСТАНДЫҚ

Арлан еді азу тісі қанжардай,
Қанжар тісті қас жауына салғандай.
Түсіп қалып қанды ауызды қақпанға,
Еркіндігі көзден ұшты жалған-ай.

Еркіндігі көзден ұшып, жалған-ай,
Ұлыды кеп, далада ессіз қалғандай.
Айбалтадай айда туған қасқайып,
Үндемейді, үндемейді бұл қалай?!

Шерін төгіп құла түзде көк арлан,
Көк аспанға жалбарынды,
О, Жалған!
Болмаған соң қанжар азу ақсиып,
Қу тірсекті шайнап түсті ызадан.

Төрт аяқтың бірін беріп қақпанға,
Еркіндігін сақтап қалды тап сөнда.
Боріге де қымбат болған бостандық,
Кімге қымбат емес дейсің жалғанда.

III-БӨЛІМ

КӨҢІЛ ПЕРНЕСІ



Қадалады жаныман шаншудай мұн,
Қалшылдаймын,
Қиналып сәл шыдаймын.
Ем таба алмай жанымның,
Дертіне бұл,
Ақ қағазға жас болып,
Тамшылаймын.

Нені аңсайсың жүрегім,
Нені іздейсің?
Кезікпеген шабыттан ем іздейсің.
Шабыт қысса шайқалып,
Сезім айдын,
Дауыл күнгі долданған
Теңіздейсің.

ӨЛЕҢ, ӨЛЕҢ

Өлең, өлең,
Не деген азап едің,
Шұқып ойдың тереңін қаза бердің.
Оңешімді өлгенше соза бердің,
Маған енді сәл ғана маза бергін.

Сен болмасаң немене,
Өлер ме едім.
Көнер едім,
Төзер едім,
Әй, бірақ та өлеңсіз,
Не дер едім.

Ой қуалап қыр астым,
Дала кездім.
Сенсіз мәні келмейді-ау қара сөздің.
Жарқылынан от алып найзағайдың,
Шабыт алдым нұрынан
Қара көздің.

Соның бәрін өлеңсіз сезер ме едім.
Түнерген түн,
Ал анау кезерген бел.
Шалқар дала.

Шалқыған шуақты көл,
Жырға айналып,
Ал бірде тіл байланып,
Сұлулыққа сусатып басатын шөл.

Биіктікке іңкәр боп бала жастан,
Тартысына өмірдің араласқам.
Сөза тартып келемін көшімді мен,
Дауылдарға түтеген қарамастан.

Биіктерге шықсам деп жағаласып,
Сүрінген де кезім көп,
Жаза басып.
Қанатым боп сол кезде өлең-арман,
Сүйреп шығып келеді ала-қашып.

Өлең, өлең,
Не деген азап едің.
Азап едің,
Не деген ғажап едің.
Өмір өлең көшінен қалмайын деп,
Үңгіп ойдың тереңін қаза келдім.

САПАР АЛДЫНДА

Жолға түстім сан түрлі,
Сауалдарға жауап іздеп сан қилы.
Адастым ба, білмеймін,
Дауыл тағдыр жан-жағымнан жұлқиды.

Жол іздеймін, жол іздеп келем әлі,
Жолым бар ғой, бағытым өлең елі.
Алдым толы таусылмас бөгеттер ме?..
Көк тұманнан шыға алмай келем енді.

* * *

Жүрегімде бір от бар өлең деген,
Соны қаузап көңілім кемелденген.
Мұң шағамын, сыр шертіп соған ғана,
Жарасын да жанымның сол емдеген.

Сұлу сөзді ойнатып қамшы оремін,
Ақ қағазға мөлдіреп тамшы өленім.
Зеңгір аспан, заңғар шын, туған дала,
Сырынды жырға төгіп көмкеремін.

Періште олең-қанатым самғашы енді,
Самғашы енді, жыр-тұлпар талмашы енді.
Ор Шашубай пір тұтқан данам едің,
Медет бер, әруағыңмен қолдашы енді.

АҒЫМДЫҚ *** ҚОҒАМ

Мынау Дастар,
Анау Желтау, жол қайда?
Адастым ба?
Шығып кетіп шалғайға.

Түнде түнек алдады,
Күндіз сағым арбады.
Ал санамда өлең-қыз,
Ой өрлегін салады.

Көңілімде жолым салғанда,
Жылыңды-ақ сағынғанымды санады.
Қызыңды сағынғанымды санады.
Түсініксіз өлеңдерімді санады.
Түсініксіз өлеңдерімді санады.
Түсініксіз өлеңдерімді санады.
Түсініксіз өлеңдерімді санады.
Түсініксіз өлеңдерімді санады.

Қызыңды сағынғанымды санады.
Түсініксіз өлеңдерімді санады.
Түсініксіз өлеңдерімді санады.
Түсініксіз өлеңдерімді санады.
Түсініксіз өлеңдерімді санады.
Түсініксіз өлеңдерімді санады.
Түсініксіз өлеңдерімді санады.
Түсініксіз өлеңдерімді санады.

ПАРЫЗ БЕН ҚАРЫЗ

А Парыз да көп, қарыз да көп,
Б Шіркін-ай!
М Қарыз бенен парыздан құтқаратын,
А Тіркесем бе, соңына арызды әкеп.

С Қарыз екем балаға, бөлеге де.
Б Қарыз екем ана бір көлденеңге,
А Қарызбын мен зарығып, шөлдегенге.
Б Отей алмай осынша қарызымды,
А Аландайды көңілім әлденеге.

С Қарыз бенен парызды бөктеріп ап,
Б Кетсем бе екен осынау көптен жырақ.
М Қарыз, парыз дегенді білмей-тұғын
А Тапсам ба екен жаһаннан өзге тұрақ.

Табылса да, қарағым, ондай тұрақ,
Қабыл алмай тұрады көңілім құлап.
Қарыз бенен парызым біткен күні,
Сөнеді ғой маңдайдан өмір шырақ.

Қарызымнан айырма, парызымнан,
Тауып жермін қалайда бір үзім нан.
Өмір сүргім келеді, өмір сүргім,
Айырмандар мені тек
Парызымнан.

АРҒЫМАҚТЫҢ ШАБЫСЫ

Күйындай ұшып күйқылжып,
Жұлдыздай ақты сорғалап,
Дүбірге бөлеп жер төсін,
Сүрінем демей қорғалап.
Күйрық-жал желмен шуылдап,
Жамалың жасқа жуынбақ.
Шақатты жерде шаң тастап,
Табаны тасқа дуылдап,
Келеді жүйрік күйындап.
Алдына қара салмайтын,
Қасқайып жалғыз самғайтын.
Жазыққа түссе жазылып,
Жолбарыс жоны талмайтын.
Бауырын кеңге сермейтін,
Даланы күйге тербейтін.
Қас жүйрік еді қашан да,
Бәйгенің алдын бермейтін.
Тұқымы тұлпар дүлдүлім,
Сыйладым арнап жыр-гүлін.
Даланың сені кім бүгін?..

ЫЗЫМАҢИ *** ДАМАЙҒА

Кімге айтамын сырымды, Тыңдағын, М.
Кімге оқимын жырымды. Тыңдағын, Ж.
Тобырынан қорынып, Тыңдағын, Ж.
Обырыннан жерініп, Тыңдағын, Ж.
Аңсап жүрмін, Тыңдағын, Ж.
Адал досты бұрынғы. Тыңдағын, Ж.

Мұң шағамын мұндайда Тыңдағын, Ж.
Жырақ барып, Тыңдағын, Ж.
Көкше көлге көк толқын Тыңдағын, Ж.
Сыр ақтарып. Тыңдағын, Ж.
Мазақ қылып шулайды Тыңдағын, Ж.
Қатын-қамыс, Тыңдағын, Ж.
Жырларымды үн-түнсіз тындап алып. Тыңдағын, Ж.

Қажып бітіп содан-ақ күйрекеймін, Тыңдағын, Ж.
Кері жүзген сасқалақ үйрекеймін. Тыңдағын, Ж.
Ақ толқындар аулайды көңілімді, Тыңдағын, Ж.
Шағаласы үн қосып билеп кейін. Тыңдағын, Ж.

Құрғатпадым бәрібір жыр құндағын, Тыңдағын, Ж.
Дала деген данадан сыр тындадым. Тыңдағын, Ж.
Көл – ананың киелі батасын ап, Тыңдағын, Ж.
Қуантпақ ем жыр оқып, Тыңдағын, Ж.
Жұрттың бәрін. Тыңдағын, Ж.

Жетпей келем көздеген
Межеге дәл,
Итереді кеудемнен кебеже тал,
Тұлпарым бар бәйгеге соны қостым,
Жүген-құрық тимеген кереге-жал.

ҚЫЗЫҚТЫҚ СЫНДЫҚ СӨЗДІК

Жетпей келем көздеген — жетпей келе алмайтын, көздеген — көздеген, межеге дәл — межеге дәл, итереді кеудемнен кебеже тал — итереді кеудемнен кебеже тал, тұлпарым бар бәйгеге соны қостым — тұлпарым бар бәйгеге соны қостым, жүген-құрық тимеген кереге-жал — жүген-құрық тимеген кереге-жал.

САҒЫНДЫМ СЕНІ, БОТАШЫМ

немерем Кәмилаға

Жас жуып жарқын жүзімді,
Бұзылып баршын түр-өнім.
Сені іздеп ботам түсімде,
Жаһанды шарлап жүремін.
Қара жол жатты қасқайып,
Келемін кешіп кемерін.
Күтемін сені сәт сайын,
Үміттің үзбей күдерін.
Аяқ пен қолдан жан кетіп,
Қарысып қалған секілді.
Жүгіріп шықтың жалт етіп,
Кәмашым менің кекілді.
Мойнымнан құшып тас қылып,
Сағындым, – дей ме,
Не дейді?
Көзінде тұрды жас тұнып,
Ата мен апа кел, – дей ме?!
Ойымды тербеп сол дауыс,
АТА! – деп айғай салды анық.
Шымырлап сонда жүрегім,
Үзіле жаздап қалды анық.
Қайтейін, жалған күндер-ай,
Жанымды қажап біттің сен.
Үміттің жағып шырағын,
Бал ашып сені күттім мен.

МАХАББАТ МҮЙІСІ

3-га

Ашылмаған даланың гүлдейсің,
Жақындасам қасыңа дірілдейсің.
Лапылдаған жанымның қызуымен,
Ұқсадым ба,
Жыртқышқа бүріп жейтін.

Тағы көрдім мен сені қызыл таңда,
Таң нұрына бөленіп тұрдың сонда.
Лүпілдеген жүрегім аласұрып,
Жетіп келдім қасыңа,
Қызық сонда.

Жалт қарадың, жанарың үрейленіп,
Көмейіңе лықсыған бір ой келіп.
Жалт бұрылып жөнелдің қарамастан,
Тіл қатуға қалдым мен жарамастан.

Жалт қарадың, сонда сен ұзай беріп,
Жанарыңнан қалдым бір шырай көріп.
Кеткім келді, сонда мен кеткім келді,
Сол арудың соңына құмайша еріп.

Жалт-жұлт еткен жанарға інкәр болып,
Жүрегімнің жөнелді мұздары еріп.
Қызыл таңда жолыққан сол сұлумен,
Өмір таңын келемін бірге көріп.

АЯН ОЛ БІР ТӘҢІРГЕ

Маған деген сенімің талқан бөлып,
Әр ісімді тұрасың жалған жорып.
Бір қызғаныш түсті ме жүрегіңе?
Ренішке келесің тізгін беріп.
Сендіремін мен енді сені қайтіп,
Жыр жазамын отырып мұңымды айтып.
Сан аруды жөлыңа құрбан қылсам,
Оралмайды-ау өткен күн енді қайтып.
Сендіремін мен сені қалай ғана,
Сен мұңайсаң жанымды қажайды о да.
Әр күніңе арнайын өлең-гүлін,
Айтшы, жаным, мұң-шерің тарайды ма?
Бұрымыңа жүрейін өлең өріп,
Қайратымды көресің сертке берік.
Сеніміңнің шыңына ту тігемін,
Өміріңе тұратын көрік беріп.
Сыйлайын деп күн сайын өлең гүлін,
Аралаумен жыр бағын келем бүгін.
“Жаным” – деген бір гүл бар жапанда өскен,
Соны сыйға беремін, берем бүгін.
Аяулым деп аршылған ақ көңілде,
Бір гүл бар жүрегімнің қақ төрінде.
Сыйға тартқан өзіңе жүрегіммен,
Өзіңе аян, аян ол бір Тәңірге.

АШУАТ ҮҮ * * * АШУАТ

Естіп едім сенен бір ғажап әнді,
Сол әніңмен жаным бір тазаланды.
Қайда кетті сондағы сылқым әуен,
Соны іздеумен жүрегім мазаланды.

Дамыл таппай мен соған алаңдаймын,
Әнсіз, күйсіз бір мезет қала алмаймын.
Аласұрған сезімнің әлегімен,
Байыз тауып орнымда тұра алмаймын.

Сірә, мені шырмаған жыр азабы,
Жыр азабы жанымнан нұр қазады,
Ой толқынға коміліп,
Жағаласып,
Арпалысып осылай күн озады.

Жылдар өтті,
Қысқа күндіз өтті өмір,
Түсініксіз болды,
Және де өтті,
Жанымнан жанымнан қорықтым,
Өмірімнің қалыңдығын өзім өтті.

Және күннің айы шығарып кеткенін,
Жанымнан жанымнан қала қуған,
"Алаштың" қайтып түртіп ұшықталған,
Түсініксіз өмірімнің бәріне қала.

Бұрын сендей сұлуға кездеспегем,
Кездесем де дәл мұндай күй кешпегем.
Қынай белге төгілген қос бұрымы,
Бір міні жөк бөйында үйлеспеген.

Қос көгершін дірілдеп кеудесінде,
Ерке сұлу салады нені есіңе?
Ақ маңдайы жарқырап, ай қаракөз,
Құмар етіп қойдың-ау елесіңе.

Сол перизат барады сылаң қағып,
Құс тілінде құлпырта бір ән салып.
Үр жамалы үлбіреп туған айдай,
Жалғыз өзі жанымды жүр аңсатып.

МІНЕЗІ КЕЙ АДАМНЫҢ...

Мінезі кей адамның шатақ бөлар,
Өзеуреп, орге үмтылып атақ қуар.
Кейде тік, кейде дөкір,
Бірде қызба,
Козді алдап, көпшілікті матап бөлар.

Аңкылдап, ақ жарылып сөйлер сөзін,
(Көп адам біле бермес жалғанда өзін).
Ортаңнан ойып орын алғаннан соң,
Жылпостар жүргізеді өз есебін.

Дана боп көрінеді көп оқыған,
Пейіштен сөз сөйлейді ар қақынан.
Пейілі тұманданып тұрар әр кез,
Пердесін алдырмайды сүм тоқыған.

Ей, адам!
Қысқа гүмыр өтер кетер,
Тірлікте адалдыққа,
Жоқ-ау жетер.
Жайқалған жасыл нудың арасында,
Балқыған көрғасындай өмір өтер.

Жек көрмен мен адамның кемшілігін,
Қойнына өлеңімнің енші күнім.
“Жыныңды” шайтан түрткен ұшықтайын,
Естіртіп ақ өлеңнің бишік үнін.

ҚОЛДАШЫ БІЗДІ АЗАТ КҮН

Қайран да қазақ тілім-ай,
Қайранда қалған күнің-ай.
Қатыгез мына заманның,
Қайырсыз болып тұрғаны-ай.

Қара Ертіс бүгін қапалы,
Қаратау о да қаһарлы.
Қайранда қалған қазақ тіл,
Қай күні таңың атады?

Қожырап ойым сан-саққа,
Қарайлай берем ел жаққа.
Қаптаған тобыр ішінде,
Қайраткер көкем қай жақта?

Қуат бер енді тіліме,
Құлатпа енді тіріде.
Қанатыңмен аялап,
Қалықтай берші көгімде.

Қол ұшын беріп азат күн,
Қолдашы тілін қазақтың.
Қолдашы бізді азат күн.

ТАБИҒАТ-АНА

I. Құстар өліп жатыр

“...Жылан жылы наурыз айында Балқаш қаласы аумағында құстардың жаппай қырылуы бай-қалды. Өкінішке орай құстар өлімінің нақты себебін анықтау мүмкін болмады...”

Жергілікті газеттен

Қынадай боп қырылды жыл құстары,
Арқасынан аяз емес қысқаны.
Улы түгін күйдірді де өзегін,
Құлап түсіп, қара жерді құшты әні.

Ілестіріп қанатына көктемді,
Гүлге ораған сайын қырды бөктерді.
Өліп жатыр шағаласы, кептері,
Алып келіп Балқашына көктемді.

Ышқынатын көкейімде бір ой бар,
Ажалменен,
Қатерменен кім ойнар.
Құсқа тиген қасіреттің бір оғы,
Елге тиіп кетпесін деп кім ойлар.

II. Балқаш экологтарының әні

Көк мұржалар көк түгіні көздеген,
Көгі көшіп, көк аспан да тозды одан.

Көні кеуіп, тарылғанда тынысы,
Көл – ананың көкірегі сыздаған.

Көк жүзіне зер саламын телміріп,
Көк түтіннен кетпесе деп сел жүріп.
Көгершін де, шағала да қалған-ау,
Көк түтінге қанаттарын күйдіріп.

Көре-көре төзер емес көз де оған,
Көкіректе көк жөтелім қоздаған.
Көк түтіннен нәсіп теріп жүрсек те,
Көгімде өйнап, төнеді бір сөр маған.

Көк жусаным қурағалы көп бөлді,
Көк теңізден көксерке де көшті енді.
Көтере алмай осыншалық қайғыны,
Көрместей боп құстарым да кеткен-ді.

Көре алмай-ақ жақсылықты көктемді,
Көк тәңірге жеткізе алмай өкпемді.
Көк теңізге мұңымды айтып, дариға-ай,
Кетер ме екем текке енді.

III

Даланың да майысады белі одан,
Сенесің бе сен оған.
Қайысады қабырғасы адамның,
Көк түтінге көмілгенде көк орман.

Даланың да күйзеледі жаны оған,
Изенінің күйгені деп біл одан.
Адамның да қайнайды екен қаны оған,
Уланғанда қара орман.

Даланы әзір көргенім жоқ жаңарған,
Қанша жұлдыз өшті мынау жанардан.
Көзім талып қарай берем, қарай берем,
Қайда екен деп Ақ Ордам.

IV

Дала солай қалжырады қарағым,
Дала солай сан жылады қарағым.
“Дала сені сатам”, – деген сөзден-ақ,
Ет жүрегім қан жылады қарағым.

Даланы әзір көргенім жоқ оңалған,
Оңалып та кете қоймас ол одан.
Меншік, меншік жерге айналған қоршалған,
Бұрыс-бұрыс жол шығады әлі одан.

Сар сақалға сатамыз ба даланы,
Қайдан іздеп табам сонсоң пананы.
Сайын дала,
Кімге артамын айтшы, озиң,
Жат қолыңда кетсең, егер жаланы.

Ойып-ойып үлестіріп меншікке,
Бүлінбесе жарар еді ел жікке.
Тәуелсіз боп тәубә дескен шақта бұл,
Жер сатқаның жарамай түр елдікке.

СЕНІМ

Сенім деген серт екен,
Сенім деген мәрт екен.
Сенім тірек жойылса,
Дүниені тәрк етем.

Жауы да көп сенімнің,
Досы да көп сенімнің.
Ақ сенімді арқалап,
Ат жалында көсілдім.

Бірі шалып аяқтан,
Бірі тартып балақтан.
Дұшпандары сенімді,
Айырмады таяқтан.

Сенімімнің семсерін,
Қайратыма суардым.
Сенімімнің семсерін,
Жай отына суардым.

Серік етіп сенімді,
Намысыңды қуармын.
Ырза қылып өзіңді,
Сеніміңде тұрармын.

КҮДІК

Күдік салар бүлікті,
Қарып түсер үмітті.
Төзімді тоздырып,
Жүйкем содан жінікті.
Жайлап алса ойынды,
Кеміреді бойынды.
Езіп биік еңсенді,
Жауға алдырар жайынды.
Қуып кейде үрейдің,
Бұлтын маған тондірді.
Сөйтіп күдік дүлейдің,
Сенім отын сөндірді.
Күдіктен бір аршылып,
Өркен жайшы жыр шыбық.
Үміт атты өлкемде,
Сенім ғүлі түр шығып.
Күдігім жоқ досқа да,
Күдігім жоқ қасқа да.
Күдік деген пәледен,
Сал іргемді басқаға.

**ЖАЗУЫ ШЫҒАР ТӘҢІРДІҢ НЕМЕСЕ
МҰҚАҒАЛИДЫҢ МАХАМБЕТТІ ЕСКЕ АЛУЫ**

I

Ай, Маха!
Жырлағым келді дәл сендей,
Сөйлегім келді сескенбей.
Бауырша тіліп төске өрлей,
Қарсыластарға дес бермей.
Ішмерездерді ескермей,
Ездері қалып көшке ермей.
Өлгені жанып өшкендей,
Сөйлегім келді сескенбей.

II

Мәңгілік майдан өмірдің,
Зары мен уын сімірдім.
Жазуы шығар тәңірдің,
Біреуден кейде жеңілдім.
Жыр бөлып сонда өрілдім,
Санаға қанша сөз ілдім.
Өзегі өшсе төзімнің,
Өнер деп сонда көз ілдім.

III

Сағыныш деген сезімнің,
Мөдіреп қалған көзімнің.
Өмірді өріп өлеңмен,
Қараймын өлең көзімен.
Өлеңнен алмас асынған,
Шабыты шалқып тасыған.
Ормандай күзгі шуылдап,
Жырларым қалды жосыған,
Ырзамын тағдыр осыған.

IV

Өтті ғой мына өмірден,
Жоңкіліп қанша керуен.
Махандар кеткен ұлы ізбен,
Барамын қайтып бүгін мен.
Жамылып түздің шуағын,
Дала боп мәңгі тұрағым.
Қайың боп соғып жүрегім,
Қасқайып қырда тұрамын.
Мені іздеп шықсаң қарағым,
Таулардан ғана сұрағын.
Айналған аппақ қайыңға,
Кезігер сонда жыр-ағын.
Сөлай да, солай,
Қарағым!
Дала ғой мәңгі тұрағым.

МЕНИҢ ЖАЙЫМ ӨЗГЕШЕ

Дәрменсіз бір жан екенмін қарағым,
Таңырқадым,
Жан-жағыма қарадым...
Бірі айға, бірі күнге ұмтылып,
Енді бірі,
Жердің ұстап кіндігін,
Дүрілдейді екпінінен жел тұрып.

Менің жайым өзгеше,
Өлең өрем өзімше,
Өз қызығым өзімде.
Бақыт тапқан елден бөлек,
Жанға ұқсап,
Жыр оқимын әлі де,
Отыздағы кезімше.
Сорың осы десе-дағы ел маған,
Өзгерте алман өмірімді өзгеше.

ЕСКІ ЖҰРТТАҒЫ ЖАЗУ

Шот бабаның жұрты болар осы ара,
Шырақ жанып тұрған дейді қысада.
Көк тұманда бұлдыраған от көрдім,
Сол бір алау сөнбей бізді тоса ма?
Соқыр тұман сөгілмейді түнеріп,
От жанады көмескі ойды бүркеніп.
Ал жағада, боз мұнарды қақ жарып,
Баба көрген көк теңізге түр төніп.

Мына Бертис, Бертис бойдың түбегі,
Бертис ата қыстақ еткен кешегі.
Осы арада туған екен бай ұлы,
Бертис қойған атын содан деседі.
Бала Бертис, аға Бертис, бай Бертис,
Ұмыт болған одан қалған көп үрдіс.
Илеуіне түсті дағы заманның,
Кетті үзіліп не бір күш.

* * *

Ақаң байдың ақ мешіті,
Жұрты анау.
Қатал күндер, оны да жеп,
Күртқан-ау.
Заманында ғибадаттың,
Орны еді,
Ал, бүгінгі сұрқы анау.
Ақ мешітте жығылатын намазға,
Мұсылманның емес еді саны аз да.
Қатал жылдан қамшы тиіп көзіне,
Мешітіңнен үрке қашқан күн аз ба?

ШУМАҚТАР

* * *

Үңірейген үйлерден,
Күңіренген күй көрем.
Зары ма деп заманның,
Зәрезап бір күйге енем.

* * *

Бес кітаптың авторы,
Бес бақырлық жоқ құны.
Бес жылдықтың балғасы,
Партияның жарнасы,
Оқитын да жоқ түгі.

* * *

Бұл өзі нағыз ірі адам,
Жол тапқан не бір жырадан.
Бірақ., бірақ,
Ақылы бүтін қай адам,
Одан ақыл сұраған.

* * *

Ғұмыр неткен қысқа еді,
Тағдыр неткен ұста еді.
Сүрінетін тұлпары,
Мүшелі бір тұста еді.
Алысумен өтті өмір,
Көз алдында көшті өңір.
Ұлағатты мәңгілік,
Не қалды екен есте бір.

* * *

Шашылып бұрқасын жыр,
Шерің де тарқасын бір.
Ізінді құмға түскен,
Сұм ажал құртады бір.

**ҚАРАҢҒЫЛЫҚ
НЕМЕСЕ ЖАРЫҚ СӨНІП ҚАЛҒАНДА
ЖАЗЫЛМАЙ ҚАЛҒАН ЖЫР**

Жан-жағымды түмшалап қараңғылық,
Қалды сөніп жарық та қараң қалып.
Түнек түнге шым батып кететіндей,
Тарылады дүние зәремді алып.

Қараңғылық,
Қажайды түнегімен,
Көрсетпейді ай нұрын күле кірген.
Қара пәле баспалап, сақ-сақ күліп,
Жармасады тосында білегімнен.

Қаламым да іркілді болмай жарық,
Жарығы жоқ бөлмеде болдым ғаріп.
Шабытымды шідерлеп қараңғылық,
Жаңа жырды түмшалап қалғаны анық.

Кенітсем деп өлеңнің көк жиегін,
Сөйлетсем деп сезімнің жыр-тиегін.
Тұңғыққа қалтырап енген сайын,
Жаным мұздап одан да сыр түйемін.

Тарылғанда тынысым сен білесің,
Түс-түсымнан жұлқылап жел үдесін.
Қиналғанда,
Жанымды мұң шалғанда,
Ең алдымен есіме сен түсесің.

Тарықпағын күнім аз, аяулым-ай,
Ойдың қаздым інжуін күлай-күлай.
Бір өлеңді тұрғызып бола бере,
Тағы ұмтылам өзімді сынай-сынай.

* * *

Түнеріп жұлдызды аспан,
Түксиіп ай қарайды.
Шырқау көк шанырақтан,
Бір жұлдыз сөргалайды.

Қап-қара шашын жайып,
Мүлгиді дала түні.
Бір бақыт құшақ жайып,
Бола ма келер күні.

Төбемде түнерген түн,
Ойымда жыр ошағы
Шақырса деп тіледім,
Музаның от құшағы.

* * *

Сыр айта алмай өзіңе,
Өтті менің көп күнім.
Түсіп тағдыр тезіне,
Келді шықпай өр үнім.

Қалжырауды сезіндім,
Кеміп қуат бойдағы.
Қажыдым да көз ілдім,
Бітпей ісім ойдағы.

КӨПСІНБЕ

Көбейіп кетті ақын деп,
Зарлады біреу жақтырмай.
Көбейіп кетті батыр деп,
Күпінді біреу апырым-ай!

Кеудеге шауып пенделік,
Жақсыны әмсе күнделік.
Көптігін айтып мешіттің,
Дінді де кейде жүнделдік.

Ақынын қазақ көпсінсе,
Айтатын уәж жоқ бізде.
Үзілді қанша үмітім,
Жол беріп небір тексізге.

Көпсіне көрме батырды,
Сақтаған елдік затыңды.
Батырдың паркын білер ең,
Алдырсаң жауға атыңды.

Көпсінбе, бауырым, ақынды,
Адамзат түзер түбінде.
Ақынға қарап ақылды.
Қазақта болса қанша ақын,
Бәріне жетер төр анық.
Елінің аппақ сыйына,
Жүреді олар оранып.

Көпсіне көрме мешітті,
Мешітсіз елің не ұтты?
Дінсіздік жайлап санаңды,
Имансыз ұлың бет жырты.

Тарылма, қалқам тарылма,
Еңсесі биік елден біз.
Езді де талай көргенбіз,
Қызғанып елдің құрметін,
Шаужайдан ала бермеңіз.

Тарылма, қалқам тарылма,
Жараспас сіздей нар ұлға.
Егемен елге еңселі,
Бола көр сен де бір тұлға.

ИТТЕР

Ит арқасы қиянда,
Иен түзге сиям ба?
Итке мініп, ит айдап,
Итжемеде қалам ба?

Иім түсіп итініп,
Иттен пейіл күтем бе?
Итше ұлып, күйініп,
Ит өмірден өтем бе?

Ит үретін базарға,
Итіндірді мені өмір.
Ит ілмесе назарға,
Ит мінезге жоқ әмір.

Итшілеген өмірден,
Иттей болып безінем.
Иттердің де көзінен,
Иттіктерін сезінем.

АТАУ – КЕРЕ

Баллада

Аппақ еді тілегі,
Аппақ еді жүрегі.
Күн сәулесін жамылған,
Көп ананың бірі еді.

Жан еді бір,
Арылмаған сөры анык.
Етегіне,
Жүрді бейнет оралып.

Жалғыз ұлы бар еді,
Үміт артқан қуаты.
Ақылды еді, нар еді,
Биік еді мұраты.

Құс ұшырмай басынан,
Қуатым деп тұлымды.
Соған ғана жасынан,
Тілейтұғын ғұмырды.

Ғұмыр кешіп қанша жыл
Қызыл ала қыр асты.
Ол да ананың жансебіл,
Бейнетімен жарасты.

Уақытпен жарасып,
Жалғыз да ержетті.
Ержетті де есер ұл,
Өз дегенін көрсетті.

Өз ошағын өсірген,
Қасіреттің үлкені.
Тығып ішіп есірген,
Арағымен бірге енді.

Жетпіс асып жер өмір,
Жасқа жеткен шағында.
Жалғыз ұлдан сор ему,
Қорлық емей бағы ма?

Бесөкпені қыстаған,
Қошқар баққан жыл еді.
Кәрі ананың құсадан,
Сыздайтұғын жүрегі.

Азанда атқа мінгізіп,
Отарын сап алдына.
Тұрар еді қоз сүзіп,
Жалғызының соңына.

Қарлы дала, құмай бел,
Ақ көрпеге оранған.
Көрінбейді былайғы ел,
Ақ кебінді сораңнан.

Қар жамылған қыратта,
Ескі бейіттер мүлгиді,
Қошқар баққан жырақта,
Басты Құзай бір күйге.

Ана байғұс аңырап,
Көздің жасын тия алмай,
Қайғыменен күйзеліп,
Аз-ақ күнде суалды-ай.

Шыдай алмай көрі Ана,
Кетгі бірде күйініп,
Өзі шықты өріске,
Белді бекем түйініп.

Малдың ізі шарлаған,
Неше күнгі шарбы жол,
Құзай пері сарнаған,
Ескі бейіттің қолтығы ол.

Әруақтар басына,
Жақын келіп тоқтады,
Зират етіп осында,
Дұға оқуға оқталды.

Кенет, кенет жай соғып,
Төбесінен ұрғандай,
Біреулер кеп тай сойып,
Жын ойнағын құрғандай.

Айран-асыр шашылып,
Көрінбейді шөлмектен,
Тұрды ана шөшынып,
Жосып жатқан дүрмектен.

Мола ішінде жасырған,
Мол арақты көргенде,
Құлап Ана “Аһ ұрған”,
Жер емес-ау көрге ене.

Жылады, Ана жылады,
Көп пе әлде, ұзақ па?
Өмір өзі осылай,
Салғандай-ау мазаққа.

Көкірегі айырылып,
Көздің жасы парлады.
Жаратқанға жалынып,
Мұңын айтып зарлады.

Қу жалғыздың бұл ісін,
Сезгендей-тін жүрегі.
Сенімінің сол сәтте,
Құлап түсті тірегі.

Шыдамады жүрегі,
Шыдауды жөн көрмеді.
Кеудесінен үзілді,
Өмір деген орнегі.

Сайын дала тербетіп,
Жатты Ананың денесін.
Көре алмай-ақ кетті ол,
Жаксылықтың кемесін.

Ескі бейіттің шетінде,
Ақ далада меңдей боп.
Пейілінен Ананың,
Қалды жалғыз сәнбей шөк.

Көздің жасын көл етіп,
Кетті өмірден сорлы Ана.
Мазақ етіп, көр етіп
Өлтірді оны қу бала.

Наласы ма ананың,
Киесі ма, Даланың.
Обалы мен сауабын,
Кім айтады қарағым?

Қырық күнге жетпей-ақ,
Құзай пері жоғалды.
Тірі кетіп үйінен,
Табытпенен өралды.

Шайтан түртіп санасын,
Арақ іздеп моладан.
Үсіп өлген денесі,
Табылыпты даладан.

Атауына төя алмай,
Атаусыз боп кешті өмір.
Бәріне де қуә боп,
Жатты мына текті өмір.

PS. Кім бар дейсің өмірде мәңгілкке,
Қор қылма тек сөзінді өңгүдікке.
Пері де бар, өмірде сері де бар,
Қасиетін ананың біледі нар.
Ана сыйлап көрмеген айуанды,
Айуанды, адамнан айырыңдар!

2001 ж.

ӨГІЗГЕ ТУҒАН КҮН

Соқаның тісі қанжардай,
Тіледі жердің тортасын.
Ышқынар өгіз жан қалмай,
Осканда бишік арқасын.

Езіліп мойыны жармада,
Жүреді жаны шырқырап.
Богелсе болды арқада,
Ойнады бишік зырқырап.

Соқаны талмай сүйреді,
Ысқырып бишік биледі.
Сартылдап аша тұлға,
Сағызша жерді иледі.

Жүргендей еді бір өзі,
Бір өзі жерді сүйретіп.
Адам мен ағаш соқаға,
Келгендей жерді үйретіп.

Солығын баспай күн ұзын,
Сүрінсе болар жексұрын.
Тірсегін соғып сары өгіз,
Қотанға құлар кешқұрым.

Сықырлап сонда тәртелер,
Өгіз боп мұңды күй төгер.
Қажалған мойын жармад
От бөлып жанып өртенер.

Не деген көнбіс мал еді,
Демеді, ешкім демеді,
Жармадан босап бір күні,
Сары өгіз етке жөнеді.

Өгізге туған күн осы...
Тіршілік – қамыт егесі.
Әр кімнің жанын қажаған,
Қамыттың табы, тегі осы.

МАЗМҰНЫ

I-Бөлім. Сәмбі талдар сәукелелі

Ізденгіш акын. Ж. Қашқынов	4
«Жүрегімде бір от бар өлең деген...»	6
Асау Балқашым-ай	7
Бектауата	8
Тасып жатыр Тоқырауын	10
«Көсілетін даланың күйі қандай...»	12
Қыс суреттері	13
Ақша қар	15
Қыстың ғажап келбеті	16
«Ақпаным-ай...»	17
«Көрі қыстан көр кетіп...»	18
Қасқырлар	19
Көктем жырлары	21
«Омырауы ісініп...»	22
Терек	23
Тұман	24
«Далаға күрен күз келді...»	25
Қыран Мұхтар Шахановтан	26
Балқашым – байтағым	28
Менің Балқашым	29
Құмыңда қалды...	31
Ауылға барғанда	32
Ауылды аңсағанда	33
Құдық басында	35

II-Бөлім. Парасат сазы

Бостандық	38
Шаңырақ	39
Сен Төңірдің ұлы едің	40
Жырға қостым өзінді	42

Әлқиса мен Нұрқиса	44
Қазақтың Хамзині	46
«Қас өнерді пір тұтқын...»	48
Ғарышкер	49
Мұзбалақ	51
Нағашы атам	52
Сексен жас	54
Абзал ақын	56
Күлтегінің рухын ізледің бе?	57
Ақ сарай	59
Үстаз	61
Ардақты Абай мектебі	63
Жыр еліне	65
Тоқырауын өзені боп кеп тұрмын	66
Жалау	68
«Жалғыз жортқан жапан түзде жандай бір...»	70
Құрдасым Сәденге	71
Қасқыр, қақпан, бостандық	72

III-Бөлім. Көңіл пернесі

«Қадалады жаныма шаншудай мұн...»	74
Өлең, Өлең	75
Сапар алдында	77
«Жүрегімде бір от бар өлең деген...»	78
«Мынау Дастар...»	79
Парыз бен қарыз	80
Арғымақтың шабысы	81
«Кімге айтамын сырымды...»	82
Сағындым сені, боташым	84
Махаббат мүйісі	85
Аян ол бір Төңірге	86
«Естіп едім сенен бір ғажап өнді...»	87
«Бұрын сендей сұлуға кездеспегем...»	88
Мінезі кей адамның... ..	89
Қолдашы бізді азат күн	90
Табиғат-ана	91
Сенім	94
Күдік	95
Жазуы шығар төңірдің немесе Мұқағалидың Махамбетті еске алуы ...	96
Менің жайым өзгеше	98
Ескі жұрттағы жазу	99
«Ақаң байдың ақ мешіті...»	100
Шумақтар	101

Қараңғылық немесе жарық сөніп қалғанда жазылмай қалған жыр ...	103
«Кенітсем деп өлеңнің көк жиегін...»	104
«Түнеріп жұлдызды аспан...»	105
«Сыр айта алмай өңіңе...»	106
Көпсінбе	107
Иттер.....	109
Атау – кере	110
Өгізге туған күн	117

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
 АЛМАТЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
 УНИВЕРСИТЕТІ

Алматы, 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
 АЛМАТЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
 УНИВЕРСИТЕТІ

Алматы, 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
 АЛМАТЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
 УНИВЕРСИТЕТІ

Алматы, 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
 АЛМАТЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
 УНИВЕРСИТЕТІ

Алматы, 2019

Жанболат Башар

КӨКШЕ КӨЛДІҢ САМАЛЫ
(өлеңдер мен балладалар)

Шығаруға жауапты
Б. Қанапиянов

Редакторы
Ж. Қашқынов

Беттеген
И. Селиванова

Теруге 20.02.04. берілді.

Басуға 05.03.04. қол қойылды.

Пішімі 60x84 ¹/₁₆. Қағазы офсеттік.

Есептік баспа табағы 7,6. Таралымы 500 дана.

«Жібек жолы» баспа үйі

480091, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.

Тел.: 72-65-01, 61-11-09.